

## БӨЛІМ: ЭССЕ

## Әлем өзгеруімен бізде өзгереміз

ЖАРИЯЛАНДЫ  
29.11.2017СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/21288/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Максатова Лаззат

Әлем өзгеруде, әлеммен бірге балалар да өзгереді, бұл өз кезегінде мұғалімдердің біліктілігіне жаңа талап қояды. Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістерге жауап ретінде әлемдегі бүкіл елдер өздерінің білім беру жүйелерін қайта қарауда. Қазіргі кезде мектеп директорлары үшін де, мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны; «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және де екіншісі; «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырда өмір сүруге қалай дайындайды?». Мен жалпы білім беру ұйымдары мұғалімдерінің біліктілігін арттыру Педагогикалық шеберлік орталығына курсқа келдім. Бұл жерде мен жалпы мектептің оқыту тәжірибесіне өзгеріс енгізу әдістерін шеберлік орталығының тәжірибелі және білікті тренерінің қолдаумен біліп, сонымен қатар оқушыларды XXI ғасырда өмір сүруге дайындау үшін мектеп тәжірибесіне қалай өзгеріс енгізіп, осы шара барысында күтілетін нәтижелерге қол жеткізілгенін қалай бағалау қажеттігін түсіндім. Менің мақсатым бірінші бетпе – беттен алған білімімді мектептің іс-тәжірибесіне енгізу. Басында түрлі ойлармен қобалжу да болды, бірақ әріптестеріммен сұхбаттасу барысында деңгейлі курс идеяларына қызығушылықтарын сезгеннен кейін сенімділік пайда болды. Болашақта бірлесе жұмыс істеп, мені қолдайтын өзгеріс тобы құрылған соң сенімім арта түсті. Әріптестерімнің берген кері байланысында «Өзгерісті қуана қабылдаймыз, тек бағыт берсеңіз болғаны.» -деген сөздері менің жауапкершілігімді арттырды.

Осы бағдарламадан кейін бірінші бетпе-бет кезеңінде маған үшінші деңгейлі мұғалімдер және мектеп әкімшілігінің көмегі өте зор болды. Мұғалімдерді үйрете жүріп көп нәрсе үйренгенімді білдім. Мұғалімдерге сәл де болса оң өзгеріс көрсетіп, кәсіби дамуына қолдау көрсеттім деп білемін. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өз жолдаунда айтқандай «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.» дегендей менің жеке ойым қазіргі білім беру саласындағы өзгерістер,

жаңашылдықтардың барлығы дұрыс шешім, болашаққа басқан қадам. Мен ойлаймын өзгерісті қабылдай отырып «Жасау, реттеу, тәуекел ету» қағиданы ұстана отырып, өз дегеніме, мақсатыма жететін, өзгеріс енгізе отырып, ұжыммен бірлесіп жұмыс істеу арқылы қоғамдастықты құра алатын көшбасшы мұғалім болуға сенімдімін. Алда асатын асулар көп екеніне сенімдімін

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.